**Жалпыға бірдей қолжетімді**

**Іс қағаздар жүргізу индексі: ________________________**

| | | |
|---|---|---|
| «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ Басқармасы 2022 жылғы «10» қазан (№28 хаттама) келісті | «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару комитеті 2022 жылғы «28» қазан (№06-2022 хаттама) келісті | «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ Директорлар кеңесі 2022 жылғы «28» қараша (№6 хаттама) бекітті |

# «Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидалары

**Алматы, 2022 жыл**

**Мазмұны**

1-тарау. Жалпы ереже 2
2-тарау. Инсайдерлік ақпаратты бақылау қағидаттары 5
3-тарау. Инсайдерлік ақпараттың тізбесі 6
4-тарау. Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашып көрсету тәртібі, мерзімдері және оны ашып көрсету үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының тізбесі 7
5-тарау. Банктің Инсайдерлерін анықтау 8
6-тарау. Инсайдерлер туралы ақпаратты ұсыну тәртібі және Банк инсайдерлерінің тізімін жүргізу 9
7-тарау. Ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ Банк Инсайдерлері болып табылатын ұйымның міндеттері 13
8-тарау. Банктің инсайдерлік ақпаратының пайдаланылуын бақылау 14
9-тарау. Банк Инсайдер деп танитын тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін бақылау 16
10-тарау. Осы Қағидалардың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік 17
11-тарау. Қорытынды ереже 18

## 1-тарау. Жалпы ереже

1. «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ (бұдан әрі - Банк) инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылаудың осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін бақылауды жүзеге асыру тәртібі мен Инсайдерлерін және Банк Инсайдер болып танылған басқа тұлғаларды регламенттейді.

2. Осы Қағидалар «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II заңына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II заңына, «Эмитенттің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашып көрсету қағидаларын және талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 124 қаулысына, «Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидаларын, Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысына сәйкес әзірленді.

3. Осы Қағидалардың мақсаты Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының Инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және пайдалануды шектеу мәселелерін, Инсайдерлік ақпараттың конфиденциалдылығын сақтауды, ақпаратты ашып көрсету әділділігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ Банктің іскерлік беделінің деңгейін, корпоративтік басқаруының және тұрақтылығының жоғары дәрежесін сақтауды, қолдауды және арттыруды регламеттейтін нормаларын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

4. Банктің Инсайдерлері болып табылатын тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының Инсайдерлік ақпаратқа қатысты талаптарын орындауын қамтамасыз ету мақсатында, Инсайдерлік ақпаратқа билік ету және оны пайдалану бөлігінде осы Қағидалар Банктің, ҚЕД-тің, KASE-нің (Банктің бағалы қағаздарын KASE-нің тізімінде енгізгенде және онда болған жағдайда) интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдеріне орналастырылады, сондай-ақ мүдделі тұлғаларға, оның ішінде Банк Инсайдерлерінің сұратуы бойынша оларға Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады.

5. Банк Инсайдерлері осы Қағидаларға №2-қосымшаға сәйкес тіркелуге жатады.

6. Банк Басқармасы талаптарға сәйкес Инсайдерлердің тіркеу файлдарының (№2-қосымша) тіркелуін уақтылы бақылауы, сондай-ақ негізгі жауапкершілігін Банктің Басқарма Төрағасы көтеретін мұндай тіркеу файлдарының дәйектілігін, дәлдігін және толықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Комплаенс және ішкі бақылау департаменті Инсайдерлердің тіркеу файлдарының тіркелуіне және жіберілуіне жауапты. Инсайдерлердің есебі және Инсайдерлердің есептілігі жүйесінің іске асырылуын қадағалауды Банк Басқармасы жүзеге асырады.

7. Комплаенс және ішкі бақылау департаменті осы Қағидалардың бизнес-иесі болып табылады.

8. Қағидалар Банктің барлық құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін тұлғалардың сақтауы мен орындауы үшін міндетті.

9. Қағидаларда реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес шешіледі.

10. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **БД** - Бухгалтерия департаменті;

2) **ІАД** – Ішкі аудит департаменті;

3) **ККД** – Корпоративтік қаржы департаменті;
4) **ОБД** – Операциялық басқару депаратменті;
5) **КжІБД** - Комплаенс және ішкі бақылау департаменті;
6) **ТМД** - Тәуекел-менеджмент департаменті;
7) **ҚБжӘД -** Қызметкерлерді басқару және әкімшілендіру департаменті;
8) **МҚжИБД** - Мамандандырылған қаржыландыру және инвестициялық банкинг департаменті;
9) **ҚМД -** Қаржылық мониторинг департаменті;
10) **ҚЕД** – Қаржылық есептілік депозитарийі;
11) **ҚНД** – Қаржы нарығы департаменті;
12) **лауазымды тұлға** — Банктің Директорлар кеңесінің, Банктің атқарушылық органының мүшесі;
13) **Жалғыз акционер** – Банктің дауыс беруші акцияларының 100%-на тікелей иелік етуіне байланысты Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін заңды тұлға;
14) **Инсайдер** – Банктің Инсайдерлік ақпараты жұртшылыққа немесе Банк Инсайдер болып танылған басқа да тұлғаларға ашып көрсетілгенге дейін оған қол жеткізетін тұлға;
15) **Инсайдерлік ақпарат** – Банктің қызметімен және қаржысымен байланысты немесе Банктің бағалы қағаздармен және туынды құралдармен жасалатын мәмілелердің нарықтық бағаларына елеулі әсер ететін, бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) шығарған (ұсынған) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы, коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, үшінші тұлғаларға белгісіз, ашып көрсету бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін өзге ақпарат;
16) **Банктің корпоративтік сайты** - Банк қызметі туралы ресми ақпаратты орналастыру үшін Банк пайдаланатын және интернет желісінде мынадай: www.icbcalmaty.kz мекенжайы бар Банкке тиесілі интернет-ресурс (веб-сайт);
17) **корпоративтік оқиғалар** - Банк қызметіне елеулі әсер ететін, бағалы қағаздарды ұстаушылардың және Банк инвесторларының мүдделерін қозғайтын, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы заңының 102-бабында анықталған оқиғалар;
18) **ОД** - Операциялық департамент;
19) **Жаупаты бөлімше (КжІБД)** – Банктің Инсайдерлік ақпаратты пайдаланғаны үшін бақылау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;
20) **басшы қызметкер** — Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері, Басқарма Төрағасы, оның орынбасары және мүшелері, Банктің бас бухгалтері, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын Банктің өзге де басшылары және банк операциялары жүргізілетін құжаттарға қол қою құқығы бар Бас бухгалтер, Бас бухгалтердің орынбасары;
21) **ҚБ** - Банктің құрылымдық бөлімшесі;
22) **Уәкілетті орган** - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;
23) **қаржы құралы** – туынды бағалы қағаздардын, туынды қаржы құралдарын және басқа да қаржы құралдарын қоса алғанда ақша, олармен жасалатын операциялардың нәтижесінде бір мезгілде бір ұйымның қаржы активі және басқа ұйымның қаржылық міндеттемесі немесе үлестік құралы туындайды;
24) **Банктің бағалы қағаздары** – Банк шығарған және орналастырған бағалы қағаздар, сондай-ақ туынды қаржы құралдары;
25) **туынды қаржы құралы** – шарт, оның құны шарт бойынша болашақта есеп айырысудың жүзеге асырылуын көздейтін аталған шарттың базалық активінің (шаманың ауытқуын қоса алғанда) шамасына байланысты;
26) **ЗД** – Заң департаменті;

27) **KASE** – «Қазақстан қор биржасы» АҚ;

28) **эмитент -** эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға;

29) **эмиссиялық бағалы қағаздар** – бір шығарылым шегінде біртекті белгілері мен реквизиттері болатын, осы шығарылым үшін бірыңғай жағдайлар негізінде орналастырылатын және айналымға түсетін бағалы қағаздар;

30) **эмиссиялық бағалы қағаздар айналымы** – бағалы қағаздардың қайталама рыногында бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу;

31) **эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру** – бағалы қағаздардың бастапқы рыногында бағалы қағаздарды сату.

11. Осы Қағидалардың мәтіні бойынша пайдаланылатын өзге де ерекше терминдер мен қысқартулар Банктің өзге де ІНҚ-да бекітілген мәндерге сәйкес пайдаланылады, ал егер олар Банктің өзге ішкі нормативтік құжаттарында болмаса, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе халықаралық банктік тәжірибеде қабылданған мәнге сәйкес пайдаланылады.

## 2-тарау. Инсайдерлік ақпаратты бақылау қағидаттары

12. Инсайдерлердің Банктегі Инсайдерлік ақпараттың бөлігінде белгіленген талаптарға билік еткені және пайдаланғаны үшін бақылау мынадай түрде жүзеге асырылады:

1) Инсайдерлерді инсайдерлердің тізіміне (тізімінен) енгізілгені (шығарылғаны) туралы хабардар ету;

2) Банктің Корпоративтік сайтында Қағидаларды орналастыру және Банктің қызметкерлері болып табылатын Инсайдерлерге оқыту жүргізу арқылы Инсайдерлерді Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалардың талаптарымен таныстыру;

3) Инсайдерлердің тізімдерін жүргізу және жаңартылған күйде ұстау;

4) Инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ашып көрсету;

5) Инсайдерлер Инсайдерлік ақпаратты және Қағидаларды пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған әрекеттерді жасаған жағдайда, оларға қатысты шаралар қабылдау;

6) Қағидалардың 41-тармағында көрсетілген тізімге енгізілген тұлғалардың тізімін Уәкілетті органға талап етуі бойынша ұсыну.

13. Банктің қызметкерлеріне және лауазымды адамдарына қызметтік жағдайға сәйкес және өз еңбек міндеттерін орындауға жеткілікті көлемде Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу беріледі. Банктің Инсайдерлері болып танылған өзге тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге ие болуға құқылы.

Банктің жаңа қызметкерін осы Қағидалармен, лауазымдық нұсқаулықпен және Банктің конфиденциалды ақпаратын пайдалану тәртібін және жаңа қызметкерге қол жеткізу берілген ақпараттық жүйесімен жұмыс тәртібін регламенттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен таныстырғаннан кейін ғана оған Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу беріледі.

Қызметкерді аталған құжаттармен таныстыру үшін жауапкершілік қызметкер бөлімшесінің басшысына жүктеледі.

14. Банктің жауапты бөлімшелерінің басшылары, инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін Банк қызметкерлері Банктің өзге қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың тарапынан мұндай ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеуге қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті, аталған қызметкерлер өз қызметтік міндеттерін орындауы үшін оларға мұндай ақпарат талап етілмейді.

15. Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының, бағалы қағаздарды реттеу органдары қағидаларының тиісті талаптарына сәйкес немесе қажеттілігіне қарай жұмыста Инсайдерлік ақпаратты белгілі бір сыртқы ұйымдарға немесе Банктің қызметкерлеріне хабарлау немесе ұсыну қажет болған жағдайда, онда аталған адамдарға мұндай сыртқы адамдарды және қызметкерлерді Инсайдерлер ретінде сәйкестендіру үшін Инсайдерлердің Тіркеу файлын толтыруы және Тіркеу файлын КжІБД-ге уақтылы ұсынуы тиіс.

16. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу мақсатында, Банктің қызметкерлеріне және лауазымды адамдарына, сондай-ақ Инсайдерлер болып танылған адамдарға Инсайдерлік ақпаратты өз мақсатында жария етуін, пайдалануына, үшінші адамдарға беруіне, сондай-ақ Қағидалардың 54-тармағында көрсетілген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруына тыйым салынады.

Инсайдерлік ақпараттың заңсыз ашып көрсетілу және пайдаланылу фактісі туралы белгілі болған және күдігі пайда болған Банктің қызметкерлері аталған факті туралы ақпаратты КжІБД-ге кез келген ыңғайлы тәсілмен– ауызша, корпоративтік пошта арқылы не «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-тың қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы қызметкерлерді конфиденциалды және анонимді түрде хабардар ету рәсіміне сәйкес анонимді түрде тез арада хабардар етуі тиіс.

## 3-тарау. Инсайдерлік ақпараттың тізбесі

17. Банктің Инсайдерлік ақпаратына мынадай ақпарат жатады (оны ресми түрде ашып көрсеткенге (жариялағанға) дейін):

1) Банктің қызметіне және қаржысына байланысты немесе Банктің бағалы қағаздармен және туынды құралдармен жасалатын мәмілелердің нарықтық бағаларына елеулі әсер ететін ақпарат;

2) Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) және олармен жасалатын мәмілелер туралы дәйекті ақпарат;

3) бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдары) шығарған (ұсынған) эмитент ретінде Банк туралы,

4) коммерциялық құпияны құрайтын, Банк жүзеге асыратын қызмет туралы;

5) үшінші тұлғаларға белгісіз, ашып көрсету Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және оның қызметіне әсер ететін өзге ақпарат.

18. Банктің бағалы қағаздарымен жасалатын операциялардың нарықтық бағаларына елеулі әсер етуі мүмкін, Инсайдерлік ақпаратқа жататын негізгі оқиғалар:

1) Банктің операциялық саясатында немесе қызметінің саласында елеулі өзгерістер;

2) Банктің акционерлік капиталға негізгі стратегиялық салымы;

3) күнделікті қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, Банк бір жыл ішінде сатып алатын немесе сататын Банктің активтерінің жалпы сомасының 30%-нан асатын материалдық құндылықтар;

4) Банк қатысатын, Банктің активтеріне, міндеттемелеріне, мүдделеріне немесе қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етуі мүмкін байланысты тараптармен күнделікті кепілдікті мәмілелерден және операциялардан басқа, Банк ұсынатын басқа да елеулі кепілдіктер;

5) кез келген материалдық борыштар, материалдық борыштар бойынша міндеттемелерді орындамау немесе Банк алдында ірі зиян үшін жауапкершілік туындайды;

6) Банктің материалдық шығыны;

7) Банкте 5% және одан да көп үлеске ие акционерлердің құрамындағы елеулі өзгерістер;

8) Банктің дивидендтер төлеу және жеке орналастыру жөнінде жоспарлары, Банк

капиталының құрылымындағы елеулі өзгерістер және капиталды азайту, біріктіру, бөлу, тарату немесе банкроттық туралы өтініш беру туралы Банк шешімі;

9) заңнамаға сәйкес Банк акционерлерінің немесе Директорлар кеңесінің жалпы жиналысы шешімдерінің күші жойылды немесе жарамсыз болып танылды;

10) заңға сәйкес қылмыс жасады деген күдікпен мәжбүрлі шараларға ұшыраған Банктің кез келген басшысы немесе басшы қызметкері;

11) заңдармен, нормативтік құқықтық актілерде, ведомстволық қағидаларда және бағалы қағаздарды реттеу органдарының қағидаларында көзделген өзге де мән-жайлар.

19. Инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатпайды:

1) Инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) жасалатын операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды дайындау мақсатында Банктің бағалы қағазының (туынды қаржы құралының) құнына, Банктің мүліктік жағдайына қатысты жүргізілген зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға бірдей қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат (баспа басылымдары және/немесе интернет-ресурстар);

3) дереккөзі белгісіз, адамдардың кең ауқымы арасында таратылатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Банктің ағымдағы немесе жоспарланатын қызметіне қатысты болжамдар;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тізбеге және мерзімдерге сәйкес, ақпарат Банктің Корпоративтік сайтында және/немесе ҚЕД-тің интернет-ресурсында және/немесе KASE интернет-ресурсында не өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде ашып көрсетілгеннен (жарияланғаннан) кейін.

20. Банк Инсайдер болып танылған адамдардың инсайдерлік ақпараты Қазақстан Республикасының заңнамасына, шетелдік заңнамаға сәйкес анықталады.

21. Материалдық активтерді қайта құрылымдағанда, сыйлықақыларды жоғары коэффициентпен төлегенде және дивидендтерді акциялар бойынша бөлгенде, жалғыз (ірі) акционердің ауысуына, тендерлік ұсынысқа, бағалы қағаздардың шығарылымына, бірігуіне, бөлінуіне, листингке бөлінуіне немесе Банк акцияларының сатып алынуына әкеп соғатын пайыздық арақатынас өзгерген жағдайда немесе бағалы қағаздар нарығын реттеу органдары талап ететін, Банк акцияларының және басқа да туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына елеулі әсер етуі мүмкін басқа да мәселелер, инсайдерлердің тізімі тиісті заңдардың, нормативтік құқықтық актілердің, ведомстволық қағидалардың және бағалы қағаздар нарығын реттеу органдарының қағидаларының талаптары бойынша реттелуі тиіс.

## 4-тарау. Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашып көрсету тәртібі, мерзімдері және оны ашып көрсету үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының тізбесі

22. Банк Инсайдерлік ақпаратты мында ресми түрде ашып көрсетеді (жариялайды):

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлар мен мерзімдерде мемлекеттік және орыс тілдерінде Банктің www.icbcalmaty.kz Корпоративтік сайтында орналастыру арқылы;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе KASE-нің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес KASE-нің https://is2in.kase.kz/ интернет-ресурсында;

3) тоқсандық және жылдық қаржылық есептілікті жариялау бөлігінде ҚЕД-тің https://dfo.kz/ интернет-ресурсында және Банктің Корпоративтік сайтында;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе KASE-нің ішкі құжаттарында, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарында анықталатын тәртіппен және мерзімдерде корпоративтік оқиғаларға қатысты ҚЕД-тің және/немесе KASE-нің интернет-ресурсында.

23. Банктің бағалы қағаздарын (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының тізіміне енгізген кезде, Банк және Банктің Инсайдерлері болып танылған адамдар, Банк және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсетуді қамтамасыз етеді, оны ашып көрсету қор биржасының қағидаларында белгіленген тәртіппен және талаптарда бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдары) сауда-саттығы басталғанға дейін олардың құнына Банк қызметіне ықпал етуі мүмкін.

24. Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының сауда жүйесінде айналған жағдайда, Банктің Инсайдерлік ақпаратын адамдардың кең ауқымы арасында ашып көрсетуді болжайтын хабарлар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының мекенжайына жолданады, содан кейін Қағидалардың 23-тармағына сәйкес тәртіппен және мерзімдерде орналастырылады (таратылады).

25. Егер ашып көрсету мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) KASE-нің қағидаларында анықталмаған өзге инсайдерлік ақпараттың заңсыз таратылуы немесе таралып кетуі Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) құнының немесе оның қызметінің өзгеруіне әсер етсе, ол туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Банк оны ашып көрсетуі тиіс.

## 5-тарау. Банктің Инсайдерлерін анықтау

26. Мыналар:

1) Банктің барлық басшы қызметкерлері және функциялық міндеттері мен өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін Банк қызметкерлері Банктің Инсайдері болып танылады. Оларға:

а) Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері, сондай-ақ Директорлар кеңесі жанынан комитеттердің мүшелері;

б) Банк Басқарманың, сондай-ақ Банк Басқармасы жанынан алқалық органдарының Төрағасы және мүшелері;

в) Банктің бас бухгалтері және оның орынбасары, Бас комплаенс-контролер және оның орынбасары, Тәуекел-менеджмент басшысы және оның орынбасары, Бас Операциялық директор, Банк Басқармасы Төрағасының кеңесшілері;

г) Банк комитеттерінің/алқалық органдарының хатшылары;

д) ІАД басшысы, оның орынбасары және қызметкерлері;

е) Банктің мыналар:

- қаржылық есептілікті жасау және ұсыну;
- бағалы қағаздарды шығаруды және тіркеуді жүзеге асыру;
- бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасау;
- тиісті ресурста Инсайдерлік ақпаратты жариялау/орналастыру үшін ақпарат (өтінімдер) беру;
- Банктің Корпоративтік сайтында және/немесе ҚЕД-тің интернет-ресурсында және/немесе KASE-нің интернет-ресурсында Инсайдерлік ақпараттың ресми түрде ашып көрсетілуін (жариялануын) қамтамасыз ету;
- Банк қызметіне құқықтық қолдау көрсету үшін жауапты құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері;
- Банктің құрылымдық бөлімшелерінің Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін өзге де қызметкерлері жүзеге асыратын функциялық міндеттер мен өкілеттіктерге

байланысты аталған қызметкерлер.

2) Банктің жалғыз акционері, сондай-ақ иеленуінде, пайдалануында және (немеседе) билік етуінде тікелей немесе жанама дауыс беретін акциялардың он және одан да көп пайызына ие Банктің акционерлері;

3) Банктің қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;

4) өз жағдайына немесе жұмысына байланысты Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін бағалы қағаздармен сауда орындарының, бағалы қағаздар жөніндегі компаниялардың, бағалы қағаздар депозитарийлерінің және клирингтік мекемелердің немесе бағалы қағаздарға қызмет көрсету мекемелерінің тиісті адамдары;

5) бағалаушы, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар және талаптары бойынша Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашып көрсету көзделген жасалған шарттарға (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсететін басқа да адамдар;

6) тізіміне шығарылған (Банк ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржысы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;

7) сауда жүйесінде Банктің бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын директорлар кеңесінің және қор биржасының листингтік комиссиясының мүшелері;

8) Банктің бағалы қағаздарын шығару және саудаласу немесе басқару және оның материалдық активтерді сатып алуы мен операциялары бойынша өзінің жарғылық міндеттеріне байланысты Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін тиісті құзыретті бөлімдердің және реттеуші органдардың қызметкерлері;

9) Қазақстан Республикасының уәкілетті органының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қызметкерлері, Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін өзге де мемлекттік қызметшілер, оларға берілген функциялар мен өкілеттіктерге байланысты;

10) Мүшелері осы Қағидалардың 2), 3), 4), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген эмитенттер және ұйымдар болып табылатын қоғамдық бірлестіктер және кәсіптік ұйымдар, оларға Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу берілген өкілеттіктерге байланысты;

11) Қағидалардың осы тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 11) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін қызметкерлері, өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбер міндеттеріне байланысты;

12) Қағидалардың осы тармағының 1) – 12) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан Инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар;

13) акциялары Банкке тиесілі немесе Банк іс жүзінде бақылайтын компаниялар, сондай-ақ олардың директорлары, басшы қызметшілері және лауазымды адамдар;

14) Банктің сатып алушылары және тараптар Банкпен елеулі активтерімен жасалатын мәмілелерде және олардың бақылаушы акционерлері, нақты бақылаушылар, директорлар, бақылаушылар, басшы қызметкерлері және лауазымды тұлғалар;

15) заңдарда, нормативтік құқықтық актілерде, ведомстволық қағидаларда және бағалы қағаздар нарығын реттеу органдарының қағидаларында көзделген өзге де инсайдерлер жатады.

## 6-тарау. Инсайдерлер туралы ақпаратты ұсыну тәртібі және Банк инсайдерлерінің тізімін жүргізу

27. Егер Банк заңнамаға, нормативтік-құқықтық актілерге, бағалы қағаздар нарығын реттеу органдарының қағидаларына немесе талаптарына сәйкес сыртқы ұйымдарға Инсайдерлік ақпарат берсе, Банк оларды конфиденциалдылықты сақтау және Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсетуге тыйым салу жөніндегі міндеттемелері туралы жазбаша нысанда хабардар етеді және қажет болған жағдайда олармен конфиденциалдылық туралы келісімдер жасайды.

28. Банк Инсайдерлердің Тіркеу файлдарын және Маңызды оқиғалардың барысы туралы меморандумды уақтылы толықтырады және нақтылайды. Инсайдерлердің Тіркеу файлдары және Маңызды оқиғалардың барысы туралы меморандум (олардың толықтырулары мен қосымша мәліметтерін қоса алғанда) жазылған күннен бастап кемінде 10 (он) жыл сақталуы тиіс.
29. Банк заңнамаға сәйкес Инсайдерлерді әр кезеңде және процесте уақтылы сәйкестендіру үшін Инсайдерлік ақпарат жұртшылыққа ашып көрсетілгенге дейін Инсайдерлердің Тіркеу файлын толтыруды ұйымдастыруы, сондай-ақ тиісті нормативтік талаптарға сәйкес Инсайдерлік ақпаратты және Инсайдерлердің Тіркеу файлын толтыруы тиіс.
30. Инсайдерлер Банкке инсайдерлер тізімін тіркеуге және есепке алуға белсенді түрде көмектесуі тиіс, Инсайдерлер мен олардың өзгерістері туралы шынайы, дәл, толық және уақтылы ақпарат беріп, Инсайдерлердің Тіркеу файлдарын растауы тиіс.
31. Инсайдерлер Инсайдерлік ақпаратты алған күннен бастап Банктің Инсайдерлік ақпараты бар Инсайдерлердің Тіркеу файлын (№3, 4-қосымшалар) толтырады және тиісті мәселелердің барысына сәйкес Банкке Инсайдерлердің Тіркеу файлын кезең-кезеңімен ұсынады, бірақ Банктің Инсайдерлік ақпаратын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей аталған ақпараты бар Инсайдерлердің толтырылған Тіркеу файлдары берілуі тиіс.
32. ҚБ және Банктің өзге де қызметкерлері Банктің Инсайдерлері туралы ақпаратты КжІБД-ге мынадай тәртіппен ұсынуға жауапты болып табылады:

№1-кесте

| **№** | **КжІБД-ге ақпарат беруге жауаптылардың атауы** | **ҚБ олар туралы ақпаратты КжІБД-ге беретін инсайдерлер** | **Ақпараттың мерзімдері мен түрі** |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| 1. | ҚБжӘД | Банктің барлық қызметкерлері (жұмысқа қабылданған, ауыстырылған, жұмыстан шығарылған) | Банктің қызметкерлері бойынша барлық жаңартулар - жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса - әкесінің аты) және оның туған жылы, лауазымы, ҚБ атауы, оның штатына қызметкер кіреді/ ауыстырылады/шығады - қызметкердің Өзгерістер туралы бұйрыққа қол қойған күні. |
| 2. | ІАД | Банктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым | Аудиторлық ұйым бойынша - заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жерінің мекенжайы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері.<br>Ұсыну мерзімі - сыртқы аудитормен шарт жасаған күні. |
| 3. | ҚБ-шарттар/келіссөздер жасаудың бастамашылары соның ішінде ауызша, ҚБжӘД, БД, ККД, МҚжИБД, КжІБД, ЗД, ҚНД, ТМД, | Талаптары бойынша Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашып көрсету көзделген жасалған шарттарға (оның ішінде ауызша) | Заңды тұлғалар бойынша:<br>заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жерінің мекенжайы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ОБД, ОД, ҚМД, АТД<br><br>Барлық шарттар бастамашы ҚБ ЗД-ға және КжІБД-ға оларда инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді көздейтін талаптардың болуы/ болмауы тұрғысынан ұсынылуы тиіс | сәйкес бағалаушылар, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар және Банкке қызмет көрсететін басқа да адамдар. | Жеке тұлғалар, оның ішінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар бойынша - жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса - әкесінің аты) және оның туған күні.<br>Ұсыну мерзімі - Шарт жасалған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей |
| 4. | ҚНД | Тізімге Банк шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушылар | Заңды тұлғалар бойынша заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жерінің мекенжайы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері.<br>Ұсыну мерзімі - Шарт жасалған күні |
| 5. | ЗД | Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері мен хатшысы | Банктің Директорлар кеңесі құрамындағы барлық өзгерістер - аты-жөні, туған жылы.<br>Бұл ақпарат КжІБД-ге Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіз туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылады |
| 6. | Банктің алқалы органдары хатшылығының функцияларын жүзеге асыратын ҚБ | Банктің алқалық органдарының мүшелері мен хатшысы | Банктің алқалық органдарының құрамындағы барлық өзгерістер - аты-жөні, туған жылы. Бұл ақпарат КжІБД-ге Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіз туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылады |
| 7. | Ашық дереккөздерден алынған ақпарат негізінде ЗД | Банктің жалғыз акционері, сондай-ақ иеленуінде, пайдалануында және (немеседе) билік етуінде тікелей немесе жанама дауыс беретін акциялардың он және одан да көп пайызына ие Банктің акционерлері | Акционерлер-заңды тұлғалар бойынша барлық жаңартулар: акционер-заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жерінің мекенжайы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері.<br>Акционер-жеке тұлғалар бойынша - акционер-жеке тұлғаның аты-жөні және оның туған жылы.<br>Бұл ақпарат КжІБД-ге келесі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, ол ҚБжӘД-да пайда болған сәттен бастап беріледі. |

33. Жауапты ҚБ және Банк қызметкерлері КжІБД-ні:

1) Қағидалардың 33-тармағының №1-кестесінде көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде Инсайдерлер туралы мәліметтер;

2) талаптары бойынша Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашып көрсету көзделген шарттар бойынша жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің/тауарлардың іс жүзінде аяқталғаны туралы ҚБ-ға белгілі болған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы;

3) Банк акционерлерінің не Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамындағы өзгерістер туралы ҚБ-ға белгілі болған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы;

4) ҚБ-ға бұл туралы белгілі болған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Банк Инсайдерлерінің тізімін жаңарту үшін өзге де қажетті ақпарат туралы міндетті түрде корпоративтік пошта арқылы хабардар етеді.

34. Банктің инсайдерлер тізімін жүргізгені, оны жаңартылған күйде ұстағаны, Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізген тұлғаларды Инсайдерлер тізіміне енгізу (тізімнен шығару) туралы оларды хабардар еткені үшін жауапты бөлімше КжІБД болып табылады.

35. КжІБД осы Қағидаларға №1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инсайдерлік ақпараты бар Инсайдерлердің Тіркеу файлын, осы Қағидаларға №2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инсайдерлердің тізімін жүргізеді.

36. Банк Инсайдерлер тізіміне енгізілген адамдарды олардың Инсайдерлер тізіміне енгізілгені (тізімнен шығару) туралы хабардар етеді, инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары туралы, оның ішінде Инсайдерлерге осы Қағидаларға №3 және 4 қосымшаларға сәйкес нысан бойынша хабарлама жіберу арқылы Инсайдерлік ақпаратқа ие болудың құқықтық салдары туралы және Инсайдерлік ақпаратты пайдалану және оған билік ету шектеулерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілік туралы хабардар етеді.

37. Оларды инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарлама (тізімнен шығару) Қағидалардың 33-тармағының № 1-кестесіне сәйкес ҚБ-дан алынған ақпарат негізінде немесе адамды тізімге енгізуге (тізімнен шығару) негіздеменің туындауына қарай КжІБД-ге жіберіледі:

1) Банк қызметкерлері болып табылатын инсайдерлерге - корпоративтік пошта жүйесі арқылы осы Қағидаларға №4-қосымшаны жібереді;
2) Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын инсайдерлерге электрондық пошта арқылы дербес не Банктің Директорлар кеңесінің хатшысы арқылы осы Қағидаларға №4-қосымшаны жібереді;
3) Банктің акционерлері (акционерлері) қатарынан Инсайдерлерге электрондық пошта арқылы осы Қағидаларға №4-қосымшаны дербес жібереді;
4) сыртқы инсайдерлерге - Банк кеңсесі арқылы Инсайдер-жеке тұлғаның/заңды тұлғаның заңды мекенжайы бойынша тапсырыс хатпен осы Қағидаларға №3 және №4-қосымшаларды жібереді.

38. Банк қызметкерлері жұмыстан шығарылған кезде соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей ҚБжӘД және/немесе құрылымдық бөлімшенің басшысы (бар болса) Банктің Инсайдерлер тізімінде бар-жоғын тексеру үшін КжІБД-ге жүгінуге міндетті. Егер жұмыстан шығарылған қызметкер Банк Инсайдерлерінің тізімінде болса, КжІБД-нің жауапты қызметкері:

1) Банктің Инсайдерлер тізімінде оның шығарылған күнін көрсетеді;

2) кету қағазына бұрыштама қояды.

Банктің Инсайдерлер тізімінде жұмыстан шығарылған қызметкер болмаған жағдайда, КжІБД-нің жауапты қызметкері Банктің Инсайдерлер тізіміне қандай да бір ақпаратты енгізбестен кету қағазына бұрыштама қояды.

39. Банктің Инсайдерлері болып табылатын Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері КжІБД-ге ұсынатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына, сондай-ақ оны беру мерзімдерінің сақталуына және Банктің Инсайдерлік ақпараты бар Инсайдерлердің Тіркеу файлына сәйкес ақпаратты жаңартылған күйде ұстауға дербес жауапты болады.

40. КжІБД Инсайдерлер тізімін жүргізуді, Банктің Инсайдерлік ақпараты бар Инсайдерлердің Тіркеу файлын электрондық түрде жүргізуді және ҚБ мен Банк қызметкерлерінен алынған ақпарат негізінде оны жаңартуды қамтамасыз етеді.

41. Банк Инсайдерлерінің тізімі, Банктің Инсайдерлік ақпараты бар Инсайдерлерді Тіркеу файлы Инсайдерлердің дербес деректерін қамтиды және конфиденциалды болып табылады.

42. Инсайдерлер тізімінен шығарылған адамдар туралы мәліметтер олар Инсайдерлер тізімінен шығарылған күннен бастап бес жыл бойы сақталады.

43. Банктің Инсайдерлік ақпараты бар қол қойылған Инсайдерлердің Тіркеу файлы (№3, №4-қосымшалар) КжІБД-нің істер номенклатурасы папкасында сақталады.

44. Егер Банктің акцияларды сатып алу, біріктіру, бөлу, бөлу листингі және сатып алу сияқты қандай да бір елеулі оқиғасы болса немесе Банк оның бағалы қағаздармен жасалатын операцияларының бағасына елеулі әсер етуі мүмкін проблема туралы ақпаратты ашып көрсетсе, «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-тың Маңызды оқиғаларының барысы туралы меморандумы (№5-қосымша) осы Қағидаларға сәйкес Банктің Инсайдерлік ақпараты бар Инсайдерлердің Тіркеу файлын толтыруға қосымша толтырылады.

45. Маңызды оқиғалардың барысы туралы меморандум маңызды оқиғалардың процестері мен барысын реттеушілер талап еткендей шынайы, дәл және толық түрде көрсетуі тиіс.

46. КжІБД меморандумға қатысатын адамдарға меморандумға қол қоюды және оны осы Қағидаларға сәйкес Банкке уақтылы тапсыруды тапсырады.

47. Бағалы қағаздар ұйымдары мен бағалы қағаздарға қызмет көрсететін мекемелер Инсайдерлердің Тіркеу файлдарын және Маңызды оқиғалардың барысы туралы меморандумды уақтылы ұсынуда көмек көрсетуге және Банкпен ынтымақтасуға, сондай-ақ тәжірибелік қағидаларға сәйкес осындай ақпаратты тексеруі тиіс.

## 7-тарау. Ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ Банк Инсайдерлері болып табылатын ұйымның міндеттері

48. Банкке қатысты Инсайдерлер болып табылатын, осы Қағидалардың 27-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) және 11) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар заңнама талаптарын орындау үшін

*міндетті*:

1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

2) өз қызметкерлерін Банктің Инсайдерлік ақпаратын және осы Қағидаларды пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары туралы хабардар етуге;

3) Қызметкерлерге Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын және/немесе алатын өз қызметкерлері туралы Банкті жазбаша хабардар етуге;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қызметкерлер қол жеткізе алатын Банктің Инсайдерлік ақпаратына қатысты осындай қызметкерлермен конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімдер жасауға;

5) Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін адамдар бойынша Банктің Инсайдерлік ақпараты бар Инсайдерлердің қол қойылған Тіркеу файлдарын осындай сұратуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті. Бұл ретте Банк қажеттілігіне қарай мәліметтерді сұрата алады;

6) Банкке қызметкерлердің Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу өкілеттігінің

тоқтатылғаны (күшін жойғаны) туралы, оның ішінде қызметкер жұмыстан шығарылған/өкілеттігі тоқтатылған жағдайларда осындай қызметкерлердің Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуі тоқтатылған (жойылған) күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға;

7) Банкті тиісті өкілеттіктері бар адамның қолымен жазбаша нысанда (қағаз тасымалдағышта) хабардар етуге міндетті.

49. Инсайдерлік ақпаратты санкция берілмеген ашып көрсету қатері туындағанда немесе фактісі белгіленген кезде не Банктің Инсайдерлік ақпаратын қамтитын құжаттар (ақпарат тасымалдағыштар) жоғалған кезде Инсайдер бұл туралы Банкті дереу хабардар етуге міндетті.

## 8-тарау. Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланғаны үшін бақылау

50. Банктің Инсайдерлер тізімі конфиденциалды болып табылады және КжІБД-де сақталады. Банктің Инсайдерлер тізіміне Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері, Басқарма Төрағасы, КжІБД-нің қызметкерлері, ІАД (аудиторлық тексерулер кезінде), ҚНД (егер сауда-саттықты ұйымдастырушы Банктің Инсайдерлер тізіміне енгізілсе) қол жеткізе алады. Өзге қызметкерлер Банктің Инсайдерлер тізіміне Бас компленс-бақылаушының келісімі бойынша ғана қол жеткізе алады.

51. КжІБД бағалы қағаздар нарығын реттеу органдарының талаптарына сәйкес Елеулі оқиғалардың барысы туралы меморандумды және Инсайдерлер тізімін уақтылы ұсынады.

52. КжІБД Банктің Басқарма Төрағасының немесе Бас компленс-бақылаушының қолы қойылған Банк Инсайдерлерінің тізімін мыналарға:

a) уәкілетті органның жазбаша талап етуі бойынша оған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін адамдар туралы ақпаратты ашып көрсетіп, талапта көрсетілген мерзімдерде[1];

b) Банк Инсайдер болып табылатын эмитенттерге (эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін Банк қызметкерлерінің бөлігінде) жазбаша сұрату алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде ұсынады.

53. Банк Инсайдерлеріне кез келген уақытта мыналарды :

1) Бағалы қағаздармен мәмілелер жасау кезінде Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің Инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қол жетімді етуге;

3) үшінші тұлғаларға Банктің Инсайдерлік ақпаратына негізделген Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беруге;

4) бағалы қағаздар нарығында қалыптасатын жағдайға ықпал етуге, бағалы қағаздар нарығындағы субъектілердің мінез-құлқын өзгерту мақсатында, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың Банк немесе Банктің бағалы қағаздарына болашақ баға туралы пікіріне дәйексіз мәліметтерді таратуға;

5) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға;

6) Банктің Инсайдерлік ақпаратын өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдалана отырып, Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға;

7) Директорлар кеңесінің алдын ала келісімімен жасалатын және Қазақстан

---

[1] «Эмитенттің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпаратты ашып көрсету қағидаларын және талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 шілдедегі № 124 қаулысы

Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін мәмілелерді қоспағанда, Инсайдерлік ақпарат жалпыға бірдей қолжетімді болатын сәтке дейін Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға тыйым салынады.

54. Банк инсайдерлері:

1) Инсайдерлік ақпараттың конфиденциалдылығын сақтауға және оған уәкілеттік берілмеген адамдардың Банктің Инсайдерлік ақпараты бар құжаттарға қол жеткізуіне тиісті бақылауды қамтамасыз етуге;

2) үшінші тұлғалар мен Банк қызметкерлері өз қызметтік міндеттерін орындауы үшін оларға осы ақпарат талап етілмейтін Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуді шектеу үшін қажетті шараларды қолдануға;

3) Инсайдерлік ақпаратты жұртшылыққа жария еткенге дейін Инсайдерлер шеңберін барынша азайту үшін қажетті шаралар қабылдауға міндетті;

4) Инсайдерлік ақпарат жұртшылыққа жария етілгенге дейін Банктің бағалы қағаздарымен саудаласпауға немесе басқаларға саудаласпауы немесе бағалы қағаздармен тиісті мәмілелер туралы ақпаратты ашып көрсетуге кеңес бермеуі тиіс.

55. Инсайдерлік ақпаратты санкцияланбаған ашып көрсету қатері туындағанда немесе фактісі белгіленген кезде не Банктің Инсайдерлік ақпараты бар құжаттар (ақпарат тасығыштар) жоғалған кезде, Инсайдер бұл туралы Банк басшылығын тез арада хабардар етуге міндетті. Инсайдерлік ақпаратты санкциясыз ашып көрсету қатерінің туындауы немесе фактісінің белгіленгені туралы хабарлама осы хабарламаны алу фактісін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен Банкке беріледі. Инсайдерлік қызметке қатысы бар, оның ішінде электрондық пошта арқылы алынған ақпарат оны алған құрылымдық бөлімшеден КжІБД-ның мекенжайына көшірмелерде беріледі. Қағаз тасымалдағышта келіп түскен ақпараттың түпнұсқалары осы ақпаратты алған құрылымдық бөлімшеде сақталады, онда тиісті іске тігіледі.

56. Банк Инсайдерлері осы Қағидалардың талаптарын бұзғаны туралы ақпарат алған кезде, Банк Банктің ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес Банктің Директорлар Кеңесі бекіткен «Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-та банктік, коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету ережесіне сәйкес кінәлі тұлғаларды немесе Банктің Инсайдерлік ақпаратының әкетілу көздерін анықтау мақсатында қызметтік тексеру жүргізуге бастамашылық жасайды.

57. Қызметтік тексеру нәтижелері бойынша Банк уәкілетті органның атынан мынадай бір немесе бірнеше шешім қабылдай алады:

1) Осы Қағидалар талаптарының сақталуын бақылауды күшейту туралы;

2) қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіптік жаза шараларын қолдану туралы;

3) Банк Инсайдерінің әрекеттерімен/әрекетсіздігімен Банкке келтірілген материалдық зиянды және/немесе іскерлік беделге зиянды өтеу туралы талаппен сот органдарына жүгіну туралы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес кінәлі адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін (қылмыс белгілері болған кезде) іс материалдарын құқық қорғау органдарына жіберу туралы;

5) сауда-саттықты ұйымдастырушыға, мемлекеттік және сот органдарына, оның ішінде олардың мәмілелерді жарамсыз деп тануы мақсатында немесе бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған ақпаратты жіберу туралы;

6) қалыптасқан жағдай туралы баспасөз релизін шығару туралы;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар.

58. Егер Банк Инсайдерлік ақпаратқа жататын ақпараттың конфиденциалдылығының талап етілетін дәрежесін сақтау мүмкін емес немесе осы ақпараттың конфиденциалдылығын бұзуға жол берілуі мүмкін деп есептесе, Банктің уәкілетті

органы айқындаған тәртіппен және мерзімдерде Банк оны ашып көрсету бойынша шараларды тез арада қабылдайды.

59. Орындалуына байланысты Банктің Инсайдерлік ақпаратына үшінші тұлғалар қол жеткізе алатын азаматтық-құқықтық шарттар жасалған жағдайда, Шартта үшінші тұлғалардың осы Қағидалардың талаптарын сақтау туралы, олардың Инсайдерлер тізімін жүргізуі және олар өздерінің Инсайдерлер тізіміне енгізген тұлғаларды хабардар етуі туралы міндеттемелері, сондай-ақ осындай тұлғалардың осы Қағидалардың талаптарын сақтау туралы міндеттемелері көзделуі тиіс осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Банкке Инсайдерлер тізімінің көшірмесін ұсыну міндеттемесі болуы тиіс. Осы тармақты сақтау үшін жауапкершілік Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін тұлғалармен Шарттар жасауға бастамашы болған жауапты бөлімшелерге жүктеледі.

## 9-тарау. Банк Инсайдер деп танитын тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін бақылау

60. Банк өзімен белгіленген азаматтық-құқықтық қатынастар, жасалған шарт шеңберінде Банктің Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін адамға қатысты Инсайдер деп танылады, оның талаптары бойынша осы адамның Инсайдерлік ақпаратын Банкке ашып көрсету көзделген.

61. Өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банк Инсайдер деп танылған адамдардың Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлері де аталған адамдардың Инсайдерлері болып табылады.

62. Банк Инсайдер деп танылған жағдайда, Банкке оны Инсайдер деп тану және Инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарлама жібергені үшін Қағидалардың 61-тармағында көрсетілген адамдар жауапты болады.

63. Банкке және оның Инсайдерлер болып табылатын қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың өздеріне қатысты Банк Инсайдер деп танылған адамдарға Инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалану тәртібі туралы талаптары қолданылады.

64. Банк Банкті Инсайдер деп тану және оны Инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарламаны алған кезде Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін адамдарға:

1) қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты аталған адамдардың Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

2) Банк өздеріне қатысты Инсайдер деп танылған адамдардың Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігінде өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптары туралы хабардар етуге;

3) өздеріне қатысты Банк Инсайдер деп танылған адамдарды өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты аталған адамдардың Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабардар етуге міндетті.

65. Банк Инсайдер деп танылған адамдардан Инсайдерлік ақпаратқа билік еткені және оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларын сұратуға құқылы.

66. Қағидалардың 61-тармағында көрсетілген тұлғалардың Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын Банк қызметкерлерінің тізімін КжІБД жүргізеді.

67. Банктің құрылымдық бөлімшелері:

1) Банкке Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсетуді көздейтін шарттардың әрекеттерін жасау және тоқтату кезінде корпоративтік электрондық пошта арқылы тиісті шарттардың жасалғаны және олардың қолданылуының тоқтатылғаны туралы КжІБД-ге жазбаша хабарлауға және Банк Инсайдер деп танылған адамға қатысты Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің тізімін шарт жасайтын күннен бастап 5 (бес)

жұмыс күнінен кешіктірмей жіберуге;

2) Инсайдерлік ақпарат иелерінен оларды Инсайдерлер тізіміне қосу немесе алып тастау туралы хабарлама алған кезде корпоративтік пошта арқылы осындай хабарламаның көшірмесін қоса бере отырып, КжІБД-ні тез арада хабардар етуге;

3) Инсайдерлер болып табылатын өз қызметкерлерінің тізіміндегі өзгерістер туралы КжІБД-ні өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге;

4) өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Инсайдерлерге қатысты заңнамасының талаптары туралы хабардар етуге міндетті.

68. КжІБД жауапты бөлімшелерден тиісті шарттарды, хабарламаларды, шарттар шеңберінде Инсайдерлер болып табылатын қызметкерлердің тізімдерін, сондай-ақ өзге де қажетті ақпаратты сұратуға құқылы. Сұратылатын ақпаратты КжІБД-нің жауапты бөлімшелері корпоративтік электрондық пошта арқылы сұратуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

69. Банк бөлімшелерінен келіп түскен ақпараттың негізінде КжІБД Банк қызметкерлерін Банк Инсайдер деп танылған тұлғалардың Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар қызметкерлер тізіміне енгізеді.

70. Банк Инсайдерлер тізімінен Банкті шығару туралы хабарламаны алған жағдайда не Банк Инсайдер деп танылған адаммен шарттық қатынастар тоқтатылған жағдайда, Банк Инсайдер деп танылған адамдардың Инсайдерлер тізімінен Банк қызметкерлерін шығару жүзеге асырылады, бұл туралы жауапты бөлімшелер КжІБД-ге хабарлауға міндетті. Банк қызметкерлері жұмыстан шығарылған/ауыстырылған жағдайда көрсетілген адамдардың Инсайдерлер тізімінен Банк қызметкерлерін шығару қызметкер жұмыстан шығарылған/ауыстырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ҚБжӘД КжІБД-ге жіберетін жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

## 10-тарау. Осы Қағидалардың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік

71. Банк тиісті уәкілетті органдардан немесе ұйымдардан тиісті талаптарға сәйкес осы Қағидалардың бұзушылықтарының ауырлығы деңгейіне сүйене отырып, осындай бұзушылықтар жасайтын Инсайдерлерге шаралар немесе әкімшілік жазалар қолданады немесе талап етеді. Бұзушылықтар жасайтын және сол арқылы Банкке елеулі зардап немесе материалдық залал келтіретін Инсайдерлерге қатысты Банк оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауаптылыққа тарта алады.

Жоғарыда аталған санкцияларға әкелуі мүмкін бұзушылықтар мыналарды:

1) Банктің бағалы қағаздарымен сауда жасау үшін Инсайдерлік ақпаратты пайдалану немесе Банктің бағалы қағаздарымен сауда жасау бойынша басқа адамдарға кеңес беру;

2) Инсайдерлік ақпаратты жария еткенге дейін жария ету;

3) мәліметтерді хабарламау, жасыру, өткізіп жіберу, кейінге қалдыру немесе бұрмалау немесе қолданыстағы заңдар мен ережелерге және осы Қағидаларға сәйкес мәліметтерді ұсынбау немесе Банкпен тиісті ақпаратты хабарлауда, Инсайдерлердің Тіркеу файлдарында және Маңызды оқиғалардың барысы туралы меморандумда ынтымақтасудан бас тарту;

4) Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалануға және таратуға байланысты басқа да бұзушылықтарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

72. Инсайдерлердің тізімдерін жасау/жаңарту үшін ақпарат пен мәліметтер беретін ҚБ басшылары ақпараттың/мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына, сондай-ақ оны КжІБД-ге ұсыну мерзімдерінің сақталуына дербес жауапты болады.

Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату ішкі нормативтік құжаттар - «Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-тың

банктік, қызметтік және коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету ережесінде» белгіленген.

73. КжІБД Банктің, оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің Инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалану бөлігінде, оның ішінде Инсайдерлер тізімдерін уақтылы жүргізу және жаңарту жолымен осы Қағидалардың талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

74. Банк Инсайдерлері деп танылған заңды тұлғалар Банктің Инсайдерлік ақпаратын және осы Қағидаларды пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтағаны үшін, оның ішінде Банктің өз қызметкерлері мен лауазымды адамдарын Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуді беру (тоқтату) туралы уақтылы хабардар еткені үшін дербес жауапты болады.

75. Осы Қағидаларда көрсетілген шектеулер сақталмағанда, Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғанда және таратқан жағдайда мұндай бұзушылықтарға жол берген адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауаптылыққа тартылады.

76. Банктің қызметкерлері болып табылатын Инсайдерлер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

77. Банк Инсайдерлері, оның ішінде осы Қағидалармен танысқан Банк қызметкерлері болып табылатындар мыналармен:

1) осы Қағидаларды бұзғаны үшін және бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында, оның ішінде Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалана отырып мәмілелер жасағаны үшін олар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дербес жауаптылықта болатынымен;

2) Банк уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында, Сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында, Қағидаларда белгіленген тәртіппен Банктің Инсайдерлері (оның ішінде олардың дербес деректерін өңдеу және беру) немесе бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын олар жасаған мәмілелер туралы ақпаратты беруге құқылы екенімен келіседі.

## 11-тарау. Қорытынды ереже

78. Осы Қағидалар Банктің Директорлар кеңесінің бекітуіне жатады.

79. Қағидаларды бизнес-иеленуші Банк қызметіндегі және Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерді ескере отырып, жыл сайынғы негізде маңыздылығын талдауы тиіс. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың қолданысын жою (оның күшін жоғалту) Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

80. Комплаенс және ішкі бақылау департаменті және Заң департаменті заңнама мониторингін ішкі бөлуге сәйкес Банктің мүдделі бөлімшелерінің/органдарының назарына Қазақстан Республикасының заңнамасына және реттеушінің нормативтік актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды уақтылы ұсынуға жауапты.

81. Құжаттың бизнес-иесі реттеушінің нормативтік-құқықтық актілерінің және Қазақстан Республикасы заңнамасының жаңартылған талаптарына сәйкес Қағидаларға өзгерістер енгізуге бастамашылық жасауға жауапты.

82. Қағидалардың бизнес-иесі бекітілген және (немесе) оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Банктің жұмылдырылған бөлімшелерінің қызметкерлеріне презентация (оқыту) өткізу арқылы осы Қағидалардың талаптары мен нормаларын кейінгі тестілеуді (қажет болған жағдайда ІНҚ-ның талап етілетін санаттары бойынша) өткізу арқылы жеткізеді.

83. Банк Басқармасы Банк қызметкерлерінің Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін Банктің ІНҚ-ның талаптарымен танысуын мониторинг-бақылауды қамтамасыз етеді, ал Комплаенс және ішкі бақылау департаменті оны жүзеге асырады.

84. Өз қызметі барысында Қағидаларды пайдаланатын Банк қызметкерлері, сондай-ақ олардың басшылары осы Қағидалардың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық, банктік, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратты үшінші тұлғаларға ашқаны (таратқаны) үшін жауапты болады.

85. Осы Қағидаларда көрсетілген бөлімшелердің кез келгенінің атауы және/немесе функционалы өзгерген жағдайда, қайта ұйымдастырылған бөлімшенің құқықтары мен міндеттері автоматты түрде оның құқықтық мирасқорына өтеді.

86. Осы Қағидалардың мазмұнына қойылатын талаптарға әсер ететін туындаған жаңартуларға байланысты, сондай-ақ осы Қағидаларда реттелмеген бөлігінде осы Қағидалар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

87. Осы Қағидалар күшіне енген күннен бастап Директорлар кеңесінің 2021 жылғы «27» тамыздағы шешімімен (№6-хаттама) бекітілген «Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-та Инсайдерлік ақпаратты билік еткені мен пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидалары өз күшін жояды.

88. Банк осы Қағидаларды Банктің www.icbcalmaty.kz. Корпоративтік сайтында, қаржылық есептілік депозитарийінің мынадай: https://dfo.kz/ интернет-ресурсында және KASE-нің мынадай: https://is2in.kase.kz/ интернет-ресурсында (Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) осы қор биржасының тізіміне енгізілген және болған жағдайда) еркін қол жеткізуде орналастырады.

«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ
Инсайдерлік ақпаратына билік еткені және
оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларына
№1-қосымша

**КОНФИДЕНЦИАЛДЫ**

**«Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ**
**Инсайдерлік ақпараты бар Инсайдерлердің Тіркеу файлы**

| № | Инсайдердің аты: 1) тегі, аты, бар болса әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін); 2) атауы (заңды тұлғалар үшін) | БСН нөмірі (заңды тұлғалар үшін)/ ЖСН нөмірі (жеке тұлғалар үшін) | Ұйым/ Құрылымдық бөлімше (жеке тұлғалар үшін) | Лауазым/пост (орын) (жеке тұлғалар үшін) | Түрі (жеке және заңды тұлға) | Туған жылы (жеке тұлғалар үшін) | Орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін) | Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері (заңды тұлғалар үшін) | Телефон (байланыс телефондары) | ICBC-мен қатынастары (заңды тұлғалар үшін) | Инсайдерлік ақпараттың тізіміне енгізуге негіздің туындаған күні | Инсайдерлік ақпаратты алу уақыты[2] | Инсайдерлік ақпаратты алу негізі (Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіз) | Инсайдерлік ақпаратты алу орны | Инсайдерлік ақпаратты алу тәсілдері[3] | Инсайдерлік ақпараттың мазмұны | Инсайдерлік ақпаратты тарату кезеңі[4] | Инсайдер қол қойған хабарламаны алғаны туралы белгі және қолы | Инсайдерлер тізімінен шығарылған күні | Ақпарат берілген күнге Банктің бағалы қағаздарға иелік ету фактісі туралы деректер | Тіркелген уақыты | Тіркелді (аты-жөні, лауазымы) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

---

[2] «Инсайдерлік ақпаратты алу уақыты» Инсайдер Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін немесе оған қол жеткізуі тиіс болатын ең ерте сәтке жатады.
[3] «Инсайдерлік ақпаратты алу тәсілдері» мыналарды: кездесулер, телефон, факс, жазбаша есеп және электрондық поштаны қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.
[4] «Инсайдерлік ақпаратты тарату кезеңі» мыналарды: келіссөздер және жоспарлау, негіздеу және консультациялар, келісімшарт жасау, ішкі есептілік, беру, дайындау және шешімді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ
Инсайдерлік ақпаратына билік еткен және
оны пайдалананы үшін ішкі бақылау қағидаларына
№2-қосымша

**КОНФИДЕНЦИАЛДЫ**

**Сыртқы органдар үшін**

**«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ**
**Инсайдерлерінің тізімі**

| № | Тегі, аты, бар болса әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін) Атауы (заңды тұлғалар үшін) | Түрі (жеке және заңды тұлға) | Туған жылы, байланыс деректері, лауазымы (жеке тұлғалар үшін) | Орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін) | Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері (заңды тұлғалар үшін) | Инсайдерлер тізіміне қосу негізі | Инсайдерлік ақпараттың тізіміне енгізуге негіздің туындаған күні | Инсайдерлер тізімінен алып тастау күні | Ақпарат берілген күнге Банктің бағалы қағаздарға иелік ету фактісі туралы деректер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | Жеке тұлғалар | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | Заңды тұлғалар | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ
Инсайдерлік ақпаратына билік еткені және
оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларына
№3-қосымша

**КОНФИДЕНЦИАЛДЫ**

**«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-тың**
**Инсайдерлер тізіміне жеке тұлғаны енгізу және инсайдерлік ақпаратын, конфиденциалды ақпаратын жария етпеу туралы хабарлама**

Осымен «Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ (бұдан әрі - Банк) Сізді 20____ ж. «____»__________ бастап Сіз Банктің инсайдері болып танылатыныңызды және Қазақстан Республикасы заңнамасының және «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларының талаптарына сәйкес Банктің Инсайдерлер тізіміне енгізілгеніңізді хабардар етеді.

Осыған байланысты, Сіз «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарын қоса алғанда, Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану және/немесе жария ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Банктің мынадай: www.icbcalmaty.kz сайтында, қаржылық есептілік депозитарийінің мынадай: https://dfo.kz. интернет-ресурсында орналастырылған «Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ Инсайдерлік ақпаратына билік еткені мен пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларын сақтауға міндеттісіз.

**Инсайдерлік ақпарат** – Банктің қызметімен және қаржысымен байланысты немесе Банктің бағалы қағаздармен және туынды құралдармен жасалатын мәмілелердің нарықтық бағаларына елеулі әсер ететін бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (ұсынған) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы ашылмаған, коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, үшінші тұлғаларға белгісіз өзге де ақпарат, оның ашып көрсетілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін.

**Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға шектеулер.**

Банк Инсайдері бола отырып, Сіздің:

1) эмитенті Банк болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға;

2) Банктің Инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеуге;

3) Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға бермеуге құқығыңыз жоқ.

**Конфиденциалдылықты сақтау туралы міндеттеме.**

Сізде бар немесе болашақта болатын инсайдерлік ақпарат қатаң конфиденциалды болып табылады және үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды. Сіз уәкілетті емес тұлғалардың Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуін шектеу бойынша барлық қолжетімді тиімді шараларды қабылдауыңыз тиіс.

**Жеке тұлғаны инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама.**

Шарттық міндеттемелердің/лауазымдық міндеттердің қолданылуы аяқталған кезде инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу тоқтатылады және Сіз автоматты түрде Банктің инсайдерлер тізімінен шығарыласыз, бұл ретте шарттық міндеттемелерді/лауазымдық

міндеттерді орындау кезеңінде қол жеткізілген инсайдерлік ақпаратты пайдалануды шектеу инсайдерлік мәртебесін жоғалтқаннан кейін 5 жыл бойы сақталады.

**Инсайдерлік ақпаратты теріс пайдаланғаны үшін жауапкершілік.**

Жоғарыда көрсетілген шектеулер сақталмағанда, Банктің инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдаланғанда және/немесе жария еткен жағдайда, Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауаптылыққа тартылуыңыз, сондай-ақ егер Сіз Банк қызметкері болсаңыз, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Сізге қатысты тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін.

«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-тың
Инсайдерлер тізіміне жеке тұлғаны енгізу және инсайдерлік ақпаратын,
конфиденциалды ақпаратын жария етпеу туралы хабарламаға
№1-қосымша

**«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ**
**Инсайдерлік ақпараты бар Инсайдердің Тіркеу файлы**

(жеке тұлғалар үшін)

| | | |
|---|---|---|
| **1.** | **Тегі, аты, бар болса әкесінің аты** | |
| **2.** | **ЖСН нөмірі** | |
| **3.** | **Ұйым/Құрылымдық бөлімше** | |
| **4.** | **Лауазым/пост (орын)** | |
| **5.** | **Туған жылы** | |
| **6.** | **Телефон (байланыс телефондары)** | |
| **7.** | **Инсайдерлік ақпараттың тізіміне енгізуге негіздің туындаған күні** | |
| **8.** | **Инсайдерлік ақпаратты алу уақыты** | |
| **9.** | **Инсайдерлік ақпаратты алу негіздемесі**[5] | |
| **10.** | **Инсайдерлік ақпаратты алу орны** | |
| **11.** | **Инсайдерлік ақпаратты алу тәсілдері**[6] | |
| **12.** | **Инсайдерлік ақпараттың мазмұны** | |
| **13.** | **Инсайдерлік ақпаратты тарату кезеңі**[7] | |
| **14.** | **Инсайдерлердің тізіміне жеке тұлғаны енгізу және инсайдерлік, конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы жазбаша хабарламаны алу белгісі** | |

[5] «Инсайдерлік ақпаратты алу уақыты» Инсайдер Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін немесе оған қол жеткізуі тиіс болатын ең ерте сәтке жатады.
[6] «Инсайдерлік ақпаратты алу тәсілдері» мыналарды: кездесулер, телефон, факс, жазбаша есеп және электрондық поштаны қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.
[7] «Инсайдерлік ақпаратты тарату кезеңі» мыналарды: келіссөздер және жоспарлау, негіздеу және консультациялар, келісімшарт жасау, ішкі есептілік, беру, дайындау және шешімді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

| | | |
|---|---|---|
| | **және күні**[8] | |

Осы Тіркеу файлына қол қою арқылы Сіз:

- ұсынылған ақпараттың дәйекті, дәл және толық екенін растайсыз және Сіз Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасымен және нормативтік-құқықтық актілерімен, сондай-ақ «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларымен танысасыз,

-Қазақстан Республикасының инсайдерлерге қатысты заңнамасында, «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларында белгіленген шектеулердің қабылданғанын растайсыз,

-инсайдерлік ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелердің қабылданғанын растайсыз және «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдаланғаны және/немесе жария еткені үшін жауапкершілікпен танысасыз,

- «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚРЗ заңына (бұдан әрі - заң) сәйкес, Сіз «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-на уәкілетті органдар мен ұйымдарға дербес деректеріңізді жинауға және өңдеуге өз келісіміңізді бересіз. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарымен, сондай-ақ Сіздің дербес деректеріңізді трансшекаралық беруге, оның ішінде Заңның 16-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес.

«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ қол қойылған осы Тіркеу файлына қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қоюды және қайтаруды өтінеді.

Осы Тіркеу файлын мен жеке толтырдым. Жоғарыда көрсетілген талаптармен келісемін, мен оны өз қолыммен растаймын.

________________________________ ____________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) (қолы)

[8] Хабарламаның осы хатында баяндалған «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-тың инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларына №3-қосымшаға сәйкес «Инсайдерлердің тізіміне жеке тұлғаны енгізу және инсайдерлік, конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы жазбаша хабарламаны алу белгісі және күні».

«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ
инсайдерлік ақпаратына билік еткені және
оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларына
№4-қосымша

**КОНФИДЕНЦИАЛДЫ**

**«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ
Инсайдерлерінің тізіміне заңды тұлғаларды енгізу туралы хабарлама**

Осымен «Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ (бұдан әрі - Банк) Сізді (*заңды тұлғаның атауы*) (бұдан әрі – Ұйым) 20____ ж. «____»__________ бастап Банктің инсайдері болып танылатынын және Қазақстан Республикасы заңнамасының және «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларының талаптарына сәйкес Банктің Инсайдерлер тізіміне енгізілгенін хабардар етеді.

Осыған байланысты Ұйым:

1) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының заңын қоса алғанда, Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану және/немесе жария ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ Банктің мынадай: www.icbcalmaty.kz мекенжайы бойынша сайтында, қаржылық есептілік депозитарийінің мынадай: https://dfo.kz интернет-ресурсында орналастырылған Қағидалардың талаптарын сақтауға;

2) Ұйым Инсайдер деп танылған Банкті өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлері туралы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабардар етуге міндетті.

**Инсайдерлік ақпарат** – Банктің қызметімен және қаржысымен байланысты немесе Банктің бағалы қағаздармен және туынды құралдармен жасалатын мәмілелердің нарықтық бағаларына елеулі әсер ететін бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (ұсынған) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы ашылмаған, коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, үшінші тұлғаларға белгісіз өзге де ақпарат, оның ашып көрсетілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін

**Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға шектеулер.**

**Ұйым Банктің Инсайдері бола отырып, мыналарға:**

1) эмитенті Банк болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға;

2) Банктің инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеуге;

3) үшінші тұлғаларға Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беруге құқығы жоқ.

Оның ішінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануды шектеу үшін Ұйым:

1) өзінің қызметтік жағдайына және лауазымдық міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;

2) өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы заңының және Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігіндегі Қағидалардың талаптары туралы хабардар етуге;

3) өзінің қызметтік жағдайына және лауазымдық міндеттеріне байланысты Банктің

инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін өз қызметкерлері туралы Тіркеу файлдарының қол қойылған түпнұсқаларын (осы Хабарламаға №1, 2-қосымшалар) ұсына отырып, Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Банкке хабарлауға;

4) Банктің инсайдерлік ақпаратына қатысты конфиденциалдылық режимінің сақталуын, оның ішінде ұйым қызметкерлерінің мұндай ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қоюын қамтамасыз етуге міндетті;

5) Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарын және Қағидаларды (мұндай ұйымдар банктің инсайдерлік ақпаратын ашқан жағдайда) сақтау қажеттілігі туралы қоғамдық бірлестіктерді және ұйым мүшелері болып табылатын өзін-өзі реттейтін ұйымдарды хабардар етуге;

6) мүшелері Ұйым болып табылатын Қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар туралы Банкті Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабардар етуге (мұндай ұйымдар Банктің инсайдерлік ақпаратын ашып көрсеткен жағдайда) құқылы емес.

**Конфиденциалдылық сақтау туралы міндеттеме.**

Ұйымның иеленетін немесе болашақта иеленетін инсайдерлік ақпараты қатаң конфиденциалды болып табылады және үшінші тұлғаларға жария етілмейді. Ұйым уәкілетті емес тұлғалардың инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуін шектеу бойынша барлық қолжетімді тиімді шараларды қабылдауы тиіс.

**Заңды тұлғаны инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама.**

Шарттық міндеттемелердің қолданылуы аяқталған кезде инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік тоқтатылады және Ұйым Банк инсайдерлерінің тізімінен автоматты түрде алынып тасталады, бұл ретте шарттық міндеттемелерді орындау кезеңінде қол жеткізуге алынған инсайдерлік ақпаратты пайдалануға шектеу Инсайдер мәртебесі жоғалғаннан кейін 5 жыл бойы сақталады.

**Инсайдерлік ақпаратты теріс пайдаланғаны үшін жауапкершілік.**

Жоғарыда көрсетілген шектеулер сақталмағанда, Банктің инсайдерлік ақпараты заңсыз пайдаланылғанда және/немесе жария етілген жағдайда ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге де жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Ұйым осы Хабарламаны ала отырып, өзінің қызметтік жағдайына және лауазымдық міндеттеріне байланысты жеке тұлғаны Инсайдерлер тізіміне енгізу және инсайдерлік және конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізетін өз қызметкерлерін және уәкілетті тұлғаларды хабардар еткенін немесе хабардар ететінін растайды (осы Хабарламаға №2-қосымша), «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚРЗ заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес өзінің қызметтік жағдайына және лауазымдық міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес уәкілетті органдар мен ұйымдарға, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-қа, сондай-ақ осындай дербес деректерді трансшекаралық беруге, оның ішінде Заңның 16-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қолжеткізе алатын өз қызметкерлерінен және уәкілетті тұлғалардан дербес деректерді жинау мен өңдеуге барлық қажетті келісімдерді алды немесе алады.

Құрметпен,

| ______________________________ | ______________ | ______________ |
| --- | --- | --- |
| Банк басшысының лауазымы | (қолы) | аты-жөні (бар болса) |

«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ
Инсайдерлерінің тізіміне заңды тұлғаны енгізу туралы хабарламаға
№1-қосымша

**«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ**
**Инсайдерлік ақпараты бар Инсайдерлердің тіркеу файлы**

(заңды тұлғалар үшін)

| | | |
|---|---|---|
| **1.** | **Ұйымның атауы** | |
| **2.** | **БСН нөмірі** | |
| **3.** | **Орналасқан жері** | |
| **4.** | **Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері** | |
| **5.** | **Телефон (байланыс телефондары)** | |
| **6.** | **ICBC-мен қатынастары** | |
| **7.** | **Инсайдерлік ақпараттың тізіміне енгізуге негіздің туындаған күні** | |
| **8.** | **Инсайдерлік ақпаратты алу уақыты**[9] | |
| **9.** | **Инсайдерлік ақпаратты алу негіздемесі** | |
| **10.** | **Инсайдерлік ақпаратты алу орны** | |
| **11.** | **Инсайдерлік ақпаратты алу тәсілдері**[10] | |
| **12.** | **Инсайдерлік ақпараттың мазмұны** | |
| **13.** | **Инсайдерлік ақпаратты тарату кезеңі**[11] | |
| **14.** | **Инсайдерлердің тізіміне қосу туралы жазбаша хабараманы алу белгісі және күні**[12] | |

[9] «Инсайдерлік ақпаратты алу уақыты» Инсайдер Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін немесе оған қол жеткізуі тиіс болатын ең ерте сәтке жатады.
[10] «Инсайдерлік ақпаратты алу тәсілдері» мыналарды: кездесулер, телефон, факс, жазбаша есеп және электрондық поштаны қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.
[11] «Инсайдерлік ақпаратты тарату кезеңі» мыналарды: келіссөздер және жоспарлау, негіздеу және консультациялар, келісімшарт жасау, ішкі есептілік, беру, дайындау және шешімді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.
[12] «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларына №4-қосымшаға сәйкес «Инсайдерлердің тізіміне енгізу туралы жазбаша хабарламаны алу белгісі және күні».

Сіз осы Тіркеу файлына қол қоя отырып, ұсынылған ақпараттың дәйекті, дәл және толық екенін растайсыз және Сіз Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасымен және нормативтік-құқықтық актілерімен, сондай-ақ «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларымен танысып шыққаныңызды растайсыз.

«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ қол қойылған осы Тіркеу файлын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оған қол қоюды және қайтаруды өтінеді.

| ______________________________ | ________________ | ______________________ |
|---|---|---|
| Ұйым басшысының лауазымы | (қолы) | тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) |

Ұйымның ресми мөрі (бар болса): М.О.

20___ж. «____»____________________

«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ
Инсайдерлік ақпаратына билік еткені және
оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларына
№5-қосымша

**«Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ**
**Маңызды оқиғалар барысы туралы меморандумы**

Акцияның атауы:
Биржалық код: _________ (А Акция); _______ (Н үлес)
Мен ұсынылған ақпараттың дәйекті, дәл және толық екеніне кепілдік беремін және мен тиісті заңдармен және қағидалармен, сондай-ақ «Алматы қ. Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ-тың инсайдерлік ақпаратына билік еткені және оны пайдаланғаны үшін ішкі бақылау қағидаларымен таныспын. Маңызды оқиғалардың тізімі:

| **Кезең**[13] | **Уақыт**[14] | **Орын** | **Қатысушы мекеменің/қатысушының атауы** | **Қатысу тәсілдері**[15] | **Департамент/мекеме** | **Лауазым/пост (орын)** | **Жоспарлау/ шешім қабылдау тәсілі** | **Қатысушының қолы** | **Ескертпелер** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

Мекеменің басшысы/
Құрылымдық бөлімшелер: ______________________ тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) ______________ (қолы) Мекеменің ресми мөрі:

Ескертпелер:
1. Осы Меморандум материалдық активтерді сатып алу, қайта құрылымдау, бағалы қағаздарды шығару, акцияларды біріктіру, бөлу, сатып алу немесе кез келген басқа елеулі оқиға кезінде, сондай-ақ Банктің бағалы қағаздары мен туынды құралдарының нарықтық бағасына елеулі әсер етуі мүмкін мәселе туындаған кезде немесе Шанхай қор биржасы немесе басқа мекемелер талап еткен кезде аяқталуы тиіс.
2. Маңызды оқиғалар туралы ақпарат әрбір нақты жағдайда хабарлануы тиіс, яғни әрбір аяқталған меморандум тек бір маңызды оқиғаны қамтуы тиіс. Әртүрлі оқиғалар бөлек тіркелуі тиіс.

---

[13] «Кезең» жоспарды көрсетуді, коммуникация және келіссөздер жүргізуді, тиісті ниеттерді қалыптастыруды, тиісті шешімдер қабылдауды, тиісті келісімшарттар жасауды және бекітуге өтінім беру рәсімдерін орындауды қамтиды.
[14] «Уақыт» жоспарлау мен шешім қабылдауға байланысты кезеңге жатады.
[15] «Қатысу тәсілдеріне» бұдан бөлек, кездесу, телефон, факс, жазбаша есеп және электрондық пошта кіреді, бірақ олармен шектелмейді.